

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ  
БАСТАУЫШ СЫНЫП  
ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ  
ПСИХОЛОГИЯСЫ**



# ЖОСПАР:

- ❖ **Кіріспе.**
- ❖ **Негізгі бөлім.**
- ❖ Мектеп жасына дейінгі кезеңде баладағы психологиялық ерекшеліктер.
- ❖ Бастауыш сынып жасы.
- ❖ Бала психологиясының даму деңгейі.
- ❖ **Қорытынды.**



Қазіргі уақытта баланы мектепке дайындау, белгілі бір дағдыларды игеруге бейімдеу заманымыздың көкейкесті мәселелерінің бірі болып отыр. Мектепке дейінгілердің өз-өзіне қызмет ету дағдыларын меңгеруі - өнегелі, жігерлі, дербестік, және табандылық сияқты қасиеттерін тәрбиелеудің тиімді жолы.





## Отбасының бала тәрбиесіндегі міндеттері:

- баланың дене және танымдық дамуы үшін максималды қауіпсіз жағдайлар мен түрлі мүмкіндіктер жасау;
- баланы эмоционалдық қолдауды қамтамасыз ету;
- баланың тіршілік іс –әрекетінде қауіпсіздік туралы алғашқы білім қалыптастыру;
- балаларды өз – өзіне қызмет етуге және жақындарына көмектесуге бағытталған қолданбалы дағдылар мен іскерлікке үйрету;
- тілдік қатынастың дамуын қамтамасыз ету;
- баланың бейімі мен қызығушылығын дамыту.



Мектеп жасына дейінгі кезеңде ( 3 -7 жас) бала организмнің дамуы қарқынды түрде өтеді. Бала организмнің жалпы өсумен жекелеген мүшелерінің анатомиялық түрде дамуы, олардың функцияларының жетілуі де байқалады. Ерте сәбилік шаққа қарағанда баланың әлеуметтік орны өзгереді, енді оның жасына сай кейбір қарапайым өздігінен атқаратын міндеттер пайда болып, үлкендерден тәуелділігі азаяды. Балабақшаға барған бала, белгілі бағдарлама бойынша жүйелі оқыту мүмкіндігі туады. Бала дамуының ерекшеліктері оған тән іс – әрекет түрлерінен, әсіресе сюжеттік – рөлдік ойындардан көрінеді. Бала өзімен қатар басқа балалармен қарым – қатынас жасай бастайды. Бұл кездегі баланың жетекші іс – әрекеті – ойын. Ойынның арқасында балада сапалы психологиялық өзгерістер пайда болады, онда үйрену әрекетінің негіздері қаланады.

1. Ойын барысында баланың ырықты зейіні мен ырықты есі дамиды,оның өзі тілдің дамуына септігін тигізеді.
2. Ойынмен қатар бала психологиясының дамуында іс – әрекеттің тағы бір түрі – жемісті ,өнімді еңбек ету іс – әрекеті атқарылады. Оған — сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру жатады. Мектепке дейінгі балаларды кейбір жекелеген еңбек тапсырмаларды орындауға да үйретеді. Осының нәтижесінде бала оқу әрекетінің элементтерін игереді.



3. Ал оқу міндеті – қандай да болмасын бір жаңалыққа үйрену пайда болғанда ғана қалыптасады. Оқу міндетінің бөлінуі 6-7 жаста қалыптасады, осыған байланысты балалар үлкендер нұсқауын зейін қоя тыңдап, орындайды, өзін – өзі бақылауы пайда болады. Оқу әрекеті бала психикасына,оның қабылдау,зейін,ес, ойлау үрдістерінің ырықтылығы мен басқарылуына талаптар қойып, тиісті психологиялық қасиеттердің қалыптасуына әкеледі. Баланың психологиясының дамуы мен қалыптасуына сенсорлық қабілеттер мен таным процестерінің қалыптасуы үлкен әсер етеді. Бұл кез баланың сезімдік тәжірибесінің молайып ретке келу шағы ,қабылдау мен ойлауы,қиялы күшті дамып,ырықты зейіні мен мағыналы естің бастамаларының қалыптасу кезеңі болады.





3 жастан 7 жасқа дейін көру , есту, тері – қимыл сезгіштігі едәуір жоғарылайды.көргіштігі артып, түстердің түрін ажыратуы жоғарылап,фонематикалық және жоғары дыбыстарды естуі дамиды.Қабылдаудың дамуы үшін сенсорлық эталондар жүйесін меңгерту зор. Сенсорлық эталандарға — спектр түстері ( 7 негізгі түс) , геометриялық пішіндер, музыкалық дыбыстар, тіл фонемалары жатады. Үшбұрыш — үй шатыры сияқты, дөңгелек – доп тәрізді, қызыл түс шиенің түсі . Баланың сыртқы дүние заттарын қозғамай бейнелер арқылы ойлай алуында осы заңдылық жатыр. Осының негізінде балада көрнекі – бейнелі және логикалы ойлау қалыптасады.

**Ойлау формалары :** ұғым, пікір,ой қорытындысы. Мектеп жасына дейінгі балалар уақытты және кеңістікті қабылдауда көп қиналады.

« Оң қол», « Сол қол» дегенді шатастырады, пішіндердің суретін салуда көлем, бұрыш, енінің өзара кеңістіктегі арақатынасын ажырату қиынға түседі. Ал, уақыт жайында « кеше ,бүгін, ертең,арғы күні» ұғымдарын шатастырады. Мысалы: « біз кеше барамыз» деуі әбден мүмкін. Зейіннің тұрақтылығы: Бөбектерде 30 -40 мин,6-7 жаста 1 -1,5 сағат. Арнайы есте қалдыру аз. Тек нақты бейнелерді , суретке түсіргендей есте сақтауы « Эйдитикалық ес» деп аталады.

**Қиялы:** Ойын негізінде ертегіге қызығушылық қабілетін қалыптастыру. Жеке басының қалыптасуы: 1. « Мен « ұғымы қалыптасады. Балалармен қарым –қатынасы ойын үстінде, егер үлкендермен қатынасы жақсы болса тілін алады.2. Істің не ойынның қызғылықты болуы.3. кейде қызықтаса да басқалармен қатар істеуге талпынады


4. Өзін басқалар алдында азамат етіп көрсеткісі келеді. Мектепке дайындығы: 1. Оқуға деген ықыласы.2. Оқу – жаңа әрекет,оған төзімділік керек,45 минут ерік жігерінің дамуы арқасында. 3. Зейінді болып, мұғалімнің сөзін қабылдауын қажет етеді.4. Оқу материалын ұғынып,оны саналы түрде еске сақтау,қиын мәселелерді шешуге ойлана бастауы қажет.5. Айтайын деген ойын жеткізе білуі. Міне отбасында бала психологиясын біле отырып, ата – ана болып бала тәрбиесіне, білім алуына ,өсіп – өнуіне зор көңіл бөлу қажет деп ойлаймын



Бастауыш сынып жасындағы баланың салмағы бір жылда 2-2,7 кг өседі. 6 жастан 12 жасқа дейінгі аралықта бала денесінің салмағы екі есе артып, 18 килограммнан 36 килограмға дейін артады. Осы жаста бала миының көлемі де ұлғаяды, яғни, ол 5 жаста үлкен адам миының 90 пайызындай болса, 10 жаста 95 пайызына тең болады.

Жүйке жүйесінің жетілуі де жалғасады. Жүйке жасаушалары арасында жаңа байланыстар түзіліп, мидың жарты шарында икемділік күшейеді. 7-8 жаста жарты шарды жалғап тұрған жүйке жүйесінің талшықтары жетіле түседі және олардың өзара қарым-қатынасының арта түсуін қамтамасыз етеді. Жүйке жүйесіндегі бұл өзгешеліктер баланың ақыл-ойы дамуының келесі кезеңінің іргетасы қалануына негіз болады.

Баланың білім алудағы іс-әрекеті де, бұған дейінгі барлық іс-әрекеттер (манипуляциялық, пәндік, ойын арқылы) сияқты, оған ену тәжірибесі арқылы бірте-бірте дамиды.



**Баланың дұрыс психикасының ерекшелігі** - танып-білуге деген белсенділігі. Баланың күштарлығы өзін қоршаған әлемді тануға және осы әлемнің құрылысын өзінше бейнелеуге бағытталған. Бала ойнай жүріп тәжірибеден өтеді, себеп-салдарлық байланыстар мен тәуелділіктің себебін ашуға тырысады.

**Бастауыш сынып жасы-бұл** айналадағы өзге әлемді баланың өз бойына сіңіре бастау, білім жинақтау, осыларды басымдылықпен игеру кезеңі болып табылады. Осы бір аса маңызды өмірлік функцияны табысты орындау баланың өзіне тән бейімділігінің осы жаста қалыптасуына қолайлы жағдай жасайды, яғни, ол мынадай бейімділіктер: адамның беделіне зор сеніммен қарауы, кездесетін барлық жағдайларды тез қабылдап, оған тез әсерленгіштігі, аңғал да ойын баласының қарым-қатынасы. Бастауыш сынып жасындағы балалардың бойындағы осы аталған бейімділіктердің әрқайсысы тек жақсы жақтарымен ғана көрініс табады, ал ол осы жастағы балаларға ғана тән қайталанбас ерекшеліктер болып табылады.

**•Бала психологиясының даму деңгейі**

- Базалық тәжірибесін анықтау
- Сөйлеу тілінің даму деңгейін бағалау
- Қарым - қатынасқа түсу қабілетін бағалау
- Физикалық даму деңгейін бағалау
- Эмоционалды даму деңгейін бағалау
- Таным қабілетінің даму деңгейін бағалау



Американдық психолог Джеральдин Чейпидің ұсынған тестін қолдана отырып, ата - аналар балаларын бақылай отырып, қарапайым сұрақтардың жауабын қорытындылай келе психологиялық даму деңгейін шамамен болжай алады.

## **1. Таным қабілетінің даму деңгейін бағалау**

1. Бала негізгі ұғымды меңгерген бе, мысалы: оң жақ, сол жақ, үлкен, кіші т. с. с
2. Аяқталмаған оқиғаның соңын болжай алады ма?
3. Үш нұсқауды есіңе сақтап, орындай алады ма, мысалы: қуыршақты алып кел т. с. с
4. Әріптерді танып, атай алады ма?



## **2. Базалық тәжірибесін анықтау**

1. Балаңыз сізді банкке, поштаға немесе магазинге шығарып салған ба?
2. Балаңыз кітапханада болды ма?
3. Хайуанаттар бағына, музейге т. с. с барған ба?
4. Сіз балаңызға үнемі ертегі немесе қызықты оқиғалар оқып бересіз бе?
5. Хоббиі бар ма?





### **3. Сөйлеу тілінің даму деңгейін бағалау**

1. Өзін қоршаған ортадағы негізгі заттарды атай алады ма?
2. Үлкендердің сұрағына оңай жауап бере алады ма?
3. Заттардың не үшін керек екендігін айта алады ма?
4. Заттардың қайда тұрғанын айта ма?
5. Оқиғаларды немесе ертегі - әңгімелерді әңгімелеп айтады ма?
6. Сөздерді анық, дұрыс айтады ма?
7. Грамматикалық жағынан сөздерді дұрыс айтады ма?
8. Басқа балалармен қарым - қатынасқа оңай түсе алады ма?



#### **4. Эмоционалды даму деңгейін бағалау**

1. Көңіл - күйі қандай болып жүреді?
2. Өзін жеке тұлға ретінде сезінеді ме?
3. Күн тәртібі өзгерген жағдайда тез бейімделеді ме?
4. Өз еркімен жұмыс жасайды ма, достарымен жарысқанды ұнатады ма?

#### **5. Қарым - қатынасқа түсу қабілетін бағалау**

1. Басқа балалармен ойнайды ма, ойыншықтарымен бөліседі ме?
2. Кей жағдайларға байланысты кезек сақтайды ма?
3. Басқалардың сөзін бөлмей тыңдай алады ма?



## **6. Физикалық даму деңгейін бағалау**

1. Есту қабілеті жақсы ма?
2. Көру қабілеті жақсы ма?
3. Бірнеше уақытқа дейін тыныш отыра алады ма?
4. Жалпы қимыл – қозғалысы жақсы дамыған ба, мысалы: доп еркін ойнау, баспалдақпен жүру т.с.с
5. Белсенді, шымыр, шапшаң көрінеді ме?



Бала психологиясының мәселелерін зерттеумен айналысқан орыс психологтарының көрнекті өкілдері осы педагогика саласында қызмет етті (П.П. Блонский, Л.С. Выготский, Б.М. Бехтерев, А.П. Негаев, Г.И. Россолимо, т.б.). 20 ғасырдың 30-жылдарында педагогиканың “жалған ғылым” ретінде қудалануы Бала психологиясының дамуына үлкен зиянын тигізді. Бала психологиясы саласында дүние жүзіне әйгілі Дж. Уотсон, В. Штерн, К. Бюлер, Ст. Холл, К. Левин, А. Валлон, З. Фрейд, Ж. Пиаже, Э. Эриксон, Д.М. Узнадзе, А. Р. Лурия, А.Н. Леонтьев, т.б. психологтар еңбек еткен. Қазақстанда Бала психологиясына қатысты еңбектер жазған психологтар: С. Балаубаев, Е. Суфиев, Ш. Әлжанов, А. Темірбеков, М. Мұқанов, Қ. Жарықбаев, т.б.

